

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕ «ҚАЗАҚСЕЛЬМАШ» ЗАУЫТЫНЫҢ ЕРЛІГІ

Елемесов Санжар Мейрамұлы

Sancho-94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Тарих факультеті,
студент, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: А.С. Мусағалиева

Қазақ халқының Ұлы Отан соғысы кезіндегі көрсеткен ерлігі КСРО-ның 70-жылдық тарихында алтын әріппен қалғаны сөзсіз. Сонау Берлинге дейін жетіп, Рейстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевтан бастап, қарапайым қазақ ауылындарында тынымсыз еңбектеніп, майданға соңғы қалған мал менен ақшасын жіберген қазақ халқы фашизмның жеңілуіне үлкен әсерін тигізді. Қазақстан КСРО-ның негізгі әскери-өнеркәсіп базасына айналды. 1942 жылы Одақта өндірілген қорғасынның 85%-ын, көмірден 18%-ын, молибденнің 60%-ын, октанды мұнайдың 1 млн тоннаға жуығын берді. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске майдангерлермен қатар еліміздің тыл еңбеккерлері де үлес қосты. Солардың қатарында. Өскемен қорғасын — мырыш комбинаты, Қарағанды көмір шахталары сияқты соғысқа қажетті өнімдер шығаратын өнеркәсіп құрылыстарын салып аяқтады. Соғыс жүріп жатқан жерлерден және майданға жақын аймақтардан 220 завод пен фабриканы, кәсіпорындары Қазақстанға көшіру жүргізілді. Украинадан Қазақстанға көшіріліп әкелінген кәсіпорындар: Харьков электротехника заводы, Подольск механика заводы, Запорожье феррокорытпа заводы, Днепропетровск вагон жасау заводы т.б. Украинадан Қазақстанға 70 өнеркәсіп орны мен жабдығы әкелінді. Қазақ КСР-не әкелінген өнеркәсіптер мен фабрикалар, кәсіпорындар: Алматы, Қарағанды, Шымкент, Петропавл, Семей, Ақтөбе, Орал қалаларында орналастырылды. Әрине, Қазақстанға әкелінген кәсіпорындар өте қиын жағдайда жұмыс істеді. Өнеркәсіп орындарымен бірге Қазақстанға майдан өңірінен көптеген мамандар да көшірілді. Мысалы, тек қана Домбасстан 3200-ге жуық шахтер, 2000-дай құрылысшы келді. Майдан өңірлерінен келген инженер-техниктер саны 700-дай болды. Ақмола өңірінің халқы да майдан үшін күн-түн демей ұжымдаса еңбек етті. Сұрапыл соғыс кезінде тынымсыз еңбектенген халық барынша отанына көмек көрсеткісі келген. Мәселен соғыс жылдарында Ақмола азаматтары атақты Т-34 танктерін құрастыру үшін өз қалтарынан ақша жинап «Акмолинский ударник» деген танк колоннасын жасақтады. Соғыс кезінде тек қару-жарақ жасайтын зауыттар ғана емес қарапайым халық пен майданды жауынгерлерді күнделікті жейтін наныным қамтамасыз ету өте маңызды болды. Осындай зауыттардың біреуі сол кездегі Ақмола қаласында да болды. Алғашында Қазақсельмаш ал кейін 60-шы жылдары Цилинсельмаш деген атпен жұмыс істеген бұл мекеме тарихта соғыс жылдарында да соғыстан кейін де өз орнын ерекше алып тұр. Урал мен Ростов-на-Дону қаласынан көшірілген зауыт 1942 жылы НКВД қаулысымен Ақмола қаласында өз жұмысын бастады. Ал енді бұл зауыттың соғыс кезінде көрсеткен жетістіктеріне көз жүгіртейік.

Жалпы Мәскеудегі Главсельмашқа жылдық есепті берер алдында зауыттың басшысы Шнурков алғаш жұмыс атқару кезіндегі қиыншылықтарды айтып кетті. Бұлардың қатарында зауыттағы техника мен аппараттардың ескілігі және көптеген құрылғылар басқа зауыттан еңбекке жарамсыз болып келгенің, жұмысшылармен зауытта ішетін су менен жейтін тамақтың жетіспеуі. Қалай дегенмен олар алғаш жылда айтарлықтай жақсы көрсеткіштер көрсетті.

1943 жылғы көрсеткіш:

Зауытта 1242 адам жұмыс жасады .

ЗИГ-ЗАГ Боронасы - 1971

Әр түрлі саймандар– 41076

Төлкелер(втулки) – 6563

Жарамды құйма– 208 тонн

Жалпы бұл жерден біз кейбір ауыл шаруашылығының техника мен оның саймандарын байқай аламыз.Зиг-заг боронасы дегеніміз – ол жер жыртыға арналған құрылғы,ал втулка ол машинаның сайманы.Енді Зиг-заг құрылғысына тоқтала кетсек,жалпы жоспар бойынша 1943 жылы олар 20000 дана жасауы тиіс еді,алайда отчетта 1971 дана жасалған дегенді көреміз.Бұндай көрсеткішті зауыттың басты бухгалтері жұмысшы санының жетіспеушілігімен байланыстырады.Тағы айта кететінім ол сол кездегі зауыттағы кадрлардың басым бөлігі әйелдер және жасөспірімдер болғаны.Оған қоса НКВ-ның 1942 жылғы қаулысы бойынша жұмыс орындарына 3-топтағы мүгідектер жұмыс істеуге міндеттелді.

1944 жылғы көрсеткіш:

ЗИГ-ЗАГ Боронасы – 897

Саймандар – 135

Жарамды құйма– 442 тонн

Сортировка Клейтон - 22

1945 жылғы көрсеткіш:

ЗИГ-ЗАГ Боронасы – 1016

Сааймандар – 173 т-р

Жарамды құйма – 360 тонн

Сортировка Клейтон - 36

Жоспар бойынша, сол кездегі жағдайды ойламағанда, Қазақсельмаш зауыты үнемі жақсы көрсеткіштер көрсетіп отырды.Дегенмен Ақмола қаласының коммунистік партияның 2-ші съезінің докладында Қазақсельмаш пен тағы кейбір стратегиялық маңызы бар мекемелердің жоспар орындамағанын жергілікті басқару органдарының марксистік-лениндік идеяларды дұрыс түсінбегеніне сылтаулатады.Қалай деседі оның барлығының ең басты себебі – адам санының жетіспеушілігі.Оған қоса құрал-жабдықтардың,арнайы техниканың,станоктардың жетіспеушілігі. Жоспардың толығымен орындалмауының тағы бір себебі ол темір жол байланысының нашар ұйымдастырылғандығы.Сол кездегі біздің астанамыз - Алматының өзімен байланыс нашар болып тұрса,онда аймақтың басқа бөліктері жайлы әңгіме қозғамасақ та болады.

Бұл тек соғыс уақытындағы көрсеткіштер.Енді осыған зауыттың өзіндегі жұмыстарды қосыңыз.Шынымен келгенде бұл зауытты осы жұмысшылар салған.Мейлі тракторист,сауыншы,инженер болсын бәрі де дірдей зауыттың құрылысына ат салысты.Қалада орналасқан «Сельхозтранспорт» автошаруашылығының базасында құрастырылған жаңа Қазақсельмаш зауыты – тікелей қарапайым жұмысшы мен тұрғындардың көмегімен салынды.Бұны біз зауыттың жылдық есебінде де байқай аламыз.

Қазақсельмаш зауыты басқа да КСРО зауыт-фабрикаларымен тығыз байланысқан.Бүкіл одақ ішіндегі соғыс қимылдарына байланысты барлық ұжымдар өте күрделі әрі жемісті шаралар өткізгені - соғыстағы жеңістің бірден-бір кепілі болды.Әрине зауыттың басты серіктестері Қазақстандағы зауыттар.Мәселен Шортандыдағы прокомобинат пен Ақмоладағы 317 зауыт(Насос зауыты).

Қазақсельмаш зауытында әуелі жұмысшылар суықта еш қабырғасыз тұрған станок алдында жұмыс істеп жүрген болатын.Уақыт өте келе зауыттың жанында арнайы кадрларды дайындайтын мекеме мен жұмысшыларға арналған бала-бақша болған.Егер де статистикаға назар аударсақ Ақмола қаласында соғыс кезінде 32 мың адам тұрса осыдан соғысқа кеткендерді алғанда,небәрі 20 мыңнан астам халықтың 2 мыңға жуығы Қазақсельмаш зауытында жұмыс істеген.Дәл қазір Астана қаласының 10 пайызы бір жерде жұмыс істейтін болса?Көз алдымда өте ауқымды,глобальді жұмыстар елестейді.Міне,осындай жұмыс барысын ұйымдастыру – бүгінгі күні де үлкен ерлік.Заут манайындағы бала-бақша -

жұмысшылардың еш уайымсыз өз істерін жасауға зор мүмкіндік берді. Ал кадрларды дайындайтын арнайы мекеме ар жылда 100 жуық кадрларды дайындап отырған. Соғысқа тура қатыспасада, Қазақсельмаш зауытының жұмысшылары аз ғана уақыт ішінде кең көлімді әрі стратегиялық жағынан өте маңызды зауытты құрастырып, оны аяққа нық тұруына үлкен септігін тигізгені де - өте үлкен ерлік.

Қолданылған әдебиет:

1. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты Фонд 46 опись 1, дело 1,3,4,5,6,8,11,13,16,17
2. Астана ақшамы газеті «Тылдағы Ақмола» Д.Сейтқали
3. «Казахстан в период великой отечественной войны советского союза» 2 том изд. «Наука» Алма-ата 1967 ж
4. «Казахстан арсенал фронта» М.Қозыбаев. 1970 ж
5. Ақмолинцы на фронте и в тылу Кусаинов М.К 2010 ж

УДК 961/959 (5Каз)

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ДАЛА ХАНЫМДАРЫ

Жакиянова Арай Нургазыевна

arai_0714@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультеті, Тарих мамандығының магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Т.С. Садықов.

Отандық тарих ғылымында үлкен ғылыми зерттеулерді қажет ететін тың тақырыптардың бірі ел тарихындағы қазақ әйелдерінің алатын орны болып табылады. Әсіресе, қазақ халқының басына ауыр кун туған XVIII-XIX ғасырдағы қазақ ханымдарының қазақ хандығының өміріне ықпалы зор болғандығын тарих беттері айғақтайды.

Қазақ тарихында есімі алтын әріппен жазылатын аналарымыз, аруларымыз баршылық. Қазақ қоғамының даму тарихына үңілсек, аналарымыздың, аруларымыздың ұрпақ тәрбиесімен қатар, ұлт тағдырында айырықша орнын алғандығын байқауға болады.

Ұлт тарихындағы елеулі болған оқиғаларға белсене араласқан Томирис, Зарина, Қарашаш, Абылайқызы Айтолқын, Бопай ханым мен Айбике аналарымыздың есімдерін ерекше атаймыз. Бірақта, бұл ел тарихындағы қазақ ханымдарының күннен-күнге жадымыздан шығып, ұмыт болып бара жатқаны ащы шындық. Сондықтан қазірде есімдері еміс-еміс есте жатталған қазақ ханымдары жайлы айту күн талабынан туындап отыр. Өйткені, ұлы даланың амазонкалары аталған Томирис, Тұмар, Зарина патшайымдар, қасиетімен дала аңызына айналған Ұмай, Домалақ аналар, ел басқарған ерлердің әрі жұбайы, әрі анасы атанған Жаған бегім, Бопай ханым, Айғаным ханша, Фатима Тоташ, Күнімжан ханым сияқты әйелдер бейнесі бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек хандардың аналарының есімдері тарихта сақталмаған. Алайда, Жалайыридің «Жылнамалар жинағын» негізінде Жәнібек ханның жарының есімі бізге мәлім болды. Ол – Шайбани әулетінің атақты ханы Мұхаммед Шайбанидің інісі Махмұд сұлтанның нағашы әпкесі Жаған бегім болатын. Дегенмен Жәнібек ханның бел баласы Қасым ханды өмірге әкелген Жаған бегім жайында тарихи мәліметтер сирек деуге болады. Жаған бегімнің шығу тегінде де тарих бүккен сырлар бар екен. Бұл туралы тарихшы ғалым Нұрлан Атығаев: «Қасым мен Қамбар сұлтанның анасы Жаған бегімнің шығу тегі әлі белгісіз болып отыр. XVI ғасырдың басында жазылған Молла Шадидың «Фатх-наме», Камал ад-Дин Бинаидың «Шайбанинаме» және авторы белгісіз «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» (бұл шығарманы жазуға өзбек